

Бестбек Нүрәлі
Геологиялық барлау колледжі
Ғылыми жетекшісі: Г.Б. Мукашова

МӘНГІЛІК ЕЛ: ТІЛ МЕН ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

Шәкірттері Конфуцийден: «Егер бір елге басшы болсаңыз, алдымен не істер едіңіз?» деп сұрапты. Конфуций: «Ойланбастан ұлттың тілін тәртіпке салар едім» дейді. Мұны естігендер қайран қалып, себебін сұрапты. Сонда Конфуций: «Тілі бұзылса ұлттың рухы мен әдет-ғұрпы да бұзылады. Рухы мен әдет-ғұрпы бұзылса, әділет пен ақиқат жоғалып, халық шарасыздықтан жойылу қаупіне дұшар болады. Қысқасы, тілі бұзылған ұлттың келешегінен үміт күтуге болмайды. Мұндай жағдайдың алдын алған дұрыс» - деген екен...

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады» дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Сөз – ұғым, ұғым – таным. Танымның адам болмысына тікелей әсер етуші фактор екенін алға тартсақ, бір ұлттың болмысын оның сөзі арқылы тануға болады. Мәңгілік ел болу үшін көнерген сөзімізді көгертіп, түпкі мағынасын жоғалтқан әр сөзді бүгінгі ұрпақ санасына сіңіру жолында жұмыс атқаруымыз керек. Түпкі мағынасы ұмыт болған сөз өзін жоғалтпай құтқарып қаламын десе, өз ішін өзгертеді. Яғни, басқа бір мағынаға қаңқа болып жан сақтайды. Себебі, бүгінгідей ортада өз мағынасымен өмір сүре алмайды. Қазірдің өзінде қазақтың қаншама сөзі, тұрақты тіркес, мақал-мәтелдері өзге мағынаға қаңқа болып арамызда қалт-құлт етіп әрең жүр. Мәңгілік ел боламыз десек – түгел сөздің түбіне тамырынан жан беріп, техникалық білім деңгейі бар, дүниесі көп, бірақ, жаны, рухы кедейленген бүгінгі ұрпақтың бойында ұлттық болмысты қалыптастыру мәселесін бірінші орынға қоюымыз керек.

Жапония жері тар, табиғаты да сонша қолайлы ел емес екені әмбеге аян. Екі аралы «өлгелі» жер жағынан жағдайлары тіптен қиындай түскен. Осыған байланысты олар күрішті өздері екпей-ақ, сырттан экспорттап алғаны өте тиімді болмақ екен. Алайда, сырттан күріш алуға кететін қаржыдан он есе көп ақша шығарып, шығынға бата отырып күрішті өздері егуге шешім қабылдаған. Оны егетін, қарайтын адамдарға да жоғары айлық төлеп әуре сарсаңға түсіп отыр. Неге? Бір қарағанда сонша ақшаны бекерден бекер желге шашып, күріш егіп ерігіп, ойнап отырғандай сезілген жапондардың қайғысы басқа екен. Мәселе тілге, тіл ділге, ділі ұлттық болмысына әсер етіп, жапондар күріш екпей бұлай кете берсе ұлт жоғалмақ екен. Өйткені, жапондардың 70-80 пайыз сөзі күрішпен байланысты болып шыққан. Егер жапондардың санасынан бұл сөздер, осы сөздер беретін ұғымдар жоғалса жапон да жоғалмақ. Әлемге ортақ техникалық тілдер ұлттық болмысын, дара ерекшеліктерін жойып тынбақ. Мына жанталастық соның алдын алу. Жапондардың 70-80 пайыз сөзі күрішпен байланысты болса, біздің 70-80 пайыз сөз көшпенді өмірмен, төрт түлік малмен байланысты емес пе?

Қазақ көшпелі дәуірден отырықшылыққа ауысқалы көшпелі кезеңдегі кейбір заттарға байланысты қалыптасқан атаулардың өзін ұмыта бастадық.

Қазақтың ол дәуірін неше буын ұрпақ көрген жоқ. Содан кейін де ол атауға байланысты кей мақал-мәтелдің, тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсінбейміз. Мысалы, Ұларбек Нұрғалымұлы «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген мақаласында «қолқа» сөзінің мағынасын ашып, түпкі мағынасы мен бүгінгі қолданылу аясын жақсы салмақтаған. «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Қолқа сала келдім», «қолқалап болмаған соң...» тіркестерін сөз арасында қолданғанымызбен бүгінгі ұрпақ «қолқа» сөзінің мағынасын біле ме? Қазақстанның «Уикипедия» ашық энциклопедиясында: «қолқа – омыртқалардың қан айналыс жүйесінегі ең ірі артерия қан тамыры» деп берілген. Жарайды, делік. Ендеше, мұның «сөз тапқанға» қандай қатысы бар? Демек, «қолқа» деп аталатын екінші бір зат бар. Түйеге жүк арту үшін 7-8 құлаш екі арқан керек. Сол екі арқанды қосақтап, кесілген жеңдей қуыс киізден өткізеді. Сол қуыс киізді «қолқа» дейді. Қолқа арқанның тең ортасында болып, жүк артқан кезде түйенің дәл төсіне келеді. Яғни, түйенің төсіне арқан батпас үшін жасалынған зат. Бір қызығы, бұл киіздің сыртқы формасы анау ағзадағы қолқамен ұқсас. Сол үшін де осы қуыс киізге ағзадағы қолқаның атауын берсе керек.

Міне, біздің мақал-мәтелдеріміздегі «қолқа» сөзі осы затқа байланысты. Себебі, түйеге жүк арту үшін оны шөгеру керек, шөгеру үшін арқанның бір жағын шумақтап алып қолқаны төс тұсына келтіре, түйенің мінер жағынан қамшылар жағына өткізе лақтырамыз. Түйені қазақ осылай қолқа салып шөгереді. Енді, үйретілмеген асау тайлақ болмаса, жүк артылған түйе атаулы иесі қолқа салғанда өзіне жүк артатынын біледі, өздігінен шөгеді. Тіпті кейде бала-шаға бұйдасынан сілкілеп шөгере алмай тұрған түйенің төсіне үлкендер келіп қолқаны сала қойғанда екі тізесі еріксіз бүгіліп, «бық» етіп шөгеді екен. Енді түсінікті болар, «қолқа салып кеп отырмын» деген «жүк артқалы келіп отырмын, салмақ салғалы келіп отырмын» дегенді білдіреді. Қолқа – қалаудың, біреуді көмекке шақырудың, қазіргі тілмен айтқанда өтініш айтудың ұшар басы, қазақ біреуден бір нәрсе сұраудағы сөзінің шегі [1].

«Бүлдіршін» сөзін бүгінде барлығы дерлік жас буын, жеткіншек мағынасын телиді. Бүлдіршін – үш жасқа шығар, әлі қайымаған ұрғашы түйе [2,46]. Қазірде көбіне балаларды бүлдіршіндей деудің орнына «бүлдіршін» дейміз. «Бүлдіршіндей жас», «бүлдіршіндей әдемі» [3,23] тұрақты теңеулері қолданыста бар. «Бүлдіршіндей әдемі қызбен Асқардың таныс болғасы кеп кетті» дейді Сәбит Мұқанов «Ботагөз» романында. «Бүлдіршін» сөзі бүгінгі қоғамда адамның жастық кезеңіне қаңқа болып, түпкі мағынасын өзгертіп өмір сүруде.

Сондай-ақ, «тығыршындай семіз», «соқтандай азамат» теңеулері де түйе төліне қатысты. Осындағы тығыршын – үштен төртке шығатын ұрғашы түйе, қайымай қалғаны. Қазақта «тығыршындай семіз» дегенде айтатыны осы [2,93]. Соқтан – төрт жасқа шығар дөнен бура [2,86]. Халық ауыз әдебиетінде «Соқтанды әкеп шөгер де, ботқанды арт бастыра» деген өлең жолдары бар. Соқтандай азамат деп – ағалыққа жетіп, ақыл тоқтатар жасқа келген азаматты айтады.

Қазақтың «күнде», «күндеу», «күндес» сөздерінің түп-төркіні қайдан? Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде күнде – қызғану, көре алмау [4,430] мағынасында ғана берілген де, күнденің заттық мағынасы берілмеген. Күнде – бұғау, дұшпанға, тұтқынға, күнәкарға салынатын құрсаудың бір түрі [2,63]. Мойынды, аяқты, қолды біріктіріп тұратын шынжырдан жасалатын кісен тәріздес бұйым. «Жәдігердің мойнына күнде салып, аяғына кісен құрсау, қолына шынжыр бұғау салып, қозы бақтырып қойды» - дейді Алпамыс батыр жырында. Қазақта «күндеді» деп сырттан айтылған ғайбат сөзді айтады. Сонда күнде, күндеу, күндес сөздерінің түпкі мағынасы құрсаулаудан, кісенмен емес, іс-әрекетпен, көралмаушылықпен айтылған сөздермен кедергі жасау деген мағынаға саяды.

«Қуарған құр сүрдесі қалыпты», «сүрдедей сарғайып барады» деп ұзағынан төсек тартып жатқан немесе ішінен құсалыққа шалдыққан адамдарға қарата айтып жатамыз. Осындағы «сүрде» сөзінің мағынасы – адамның ажарынан айырылып, ет пен сүйегі ғана қалуын айтып тұр. Сүрде сөзінің түпкі мағынасы - қалың шыққан шөптің үстінен үлкен әрі ауыр нәрсені сүйретсе, шөп жапырылады және ол жапырылғанда бір-біріне байласып, тапталып, сырғанақтап қалады. Ондай жердің шөбі жаңбырдан кейін де көтерілмейді, киізденіп, сол күйі сарғаяды. Қазақ осыны сүрде дейді екен [2,88].

Бүгінде журналистика тілінде «тоғыту» сөзі қамау, жабу сөздерінің синонимі ретінде қолданылып жүр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Тоғыту – қой-ешкіні ағынды не дәрілі суға салып, жүздіріп өткізу» [4, 805], яғни батыру деген анықтама берілген. «Қамау» сөзінің орнына «тоғыту» сөзін қолдану, стилдік қате, сөздің түпкі мағынасына қиянат болып табылады.

Қазақтың ұлттық тағамы, қазақ дастарханының қазынасы – етті бүгінде көпшілігіміз «Бешбармақ» деп атап жүрміз. Бармақ – бес саусақтың өзге төртеуіне қарама-қарсы тұратын әлдісі, бас бармақ [4, 109]. Саусақ - қол басының алақанға қосылған салалы бөлігінің бірі [4, 716]. Бұдан шығатын түйін, бір қолда төрт саусақ, бір бармақ болады екен. Адамның қолында бір ғана бармақ болатын болса, ұлттық тағымымызды «Бешбармақ» атау ұлттық болмысымызды жоққа шығару деп түсінемін.

Болмыс сөз арқылы ғана келеді. Ат жалында күн кешкен ата-бабамыздың болмысы бүгінгі күндегі көкпар, бәйге, аударыспақ сынды спорт түрлерінің жандануынан жаңғырмақ. Бұлар жанданған жерде жылқыға қатысты қаншама сөз қайта тіріледі. Болмыс та осылайша оралады. Ол бүгінгі ғылым мен ұштасқанда қазақтың бағы батпандап, мейманасы тасып, іргесін жау, ішін дау ала алмас мәңгілік елге айналарымыз хақ!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ұларбек Нұрғалымұлы // Сөз тапқанға қолқаның қандай қатысы бар? «Егемен Қазақстан» газеті.

2 Қадырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір (Оқу құралы). – Алматы, «Қазақ университеті», 1993. – 176 бет.

3 Қоңыров Т.Тұрақты теңеулер сөздігі. Алматы, 2007. -477 бет.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған
Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.